

М.М. Иманбеков, Р.Б. Маженова, С.М. Абылайхан

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: saltok_jan@mail.ru)*

Болашақ тәрбиеші мамандарды мектепке дейінгі ұйымдарда жаңа педагогикалық технологияларды пайдалануға даярлау

Мақалада білім беру саласының алғашқы сатысы — мектепке дейінгі ұйымдар баланың жеке бас ерекшелігін ескере отырып, оның толыққанды қалыптасуы үшін даму ортасын құратын, үздіксіз білім берудің бастапқы деңгейін дамытатын орталық деп көрсетілген. «Инновация», «педагогикалық технология» ұғымдарына талдау жасалған. Осы мәселемен айналысқан ғалымдардың еңбектеріндегі мектепке дейінгі ұйымда қолданылатын педагогикалық технологиялардың қағидалары мен олардың критерийлерінің маңызына жан-жақты тоқталып, мәні кеңінен ашылып қарастырылған. Білім беру жүйесіне қажетті жаңалық енгізу барысында мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие үрдісінде қолданылатын қазіргі бағдарламалар мен педагогикалық технологиялар, атап айтқанда, жобалау, ақпараттық-қатынастық, терапия және оның түрлері, сын тұрғысынан ойлау, М.Монтессори педагогикасы, ойын технологиясы, денсаулық сақтау, тәрбиеші мен баланың портфолиосы, компьютерлік технологиялар және олардың мақсаттары мен ерекшеліктері жайында мәселелер зерттелген. Бұл технологияларды дұрыс қолдануға болашақ мамандарды, тәрбиешілерді даярлау қажеттігі мен оларға қойылатын талаптар сараланып, тәрбиеші жұмысынан күтілетін нәтижеге қолжеткізудің жолдарының кезеңдері талданған.

Кілт сөздер: мектепке дейінгі ұйымдар, инновация, педагогикалық технология, тәрбиеші, жобалау, ойын, денсаулық сақтау, терапия, сын тұрғысынан ойлау, талаптар, портфолио.

Қазіргі таңда қоғам сұраныстарына сәйкес мектепке дейінгі білім беру жүйесіне инновациялық технологияларды енгізу, уақыт талаптарына сай құру — көкейкесті мәселенің бірі. Осыған орай, мектепке дейінгі білім беруді инновациялық тұрғыдан қарау, озық тәжірибелер мен идеяларды насихаттау қажеттілігі туып отыр. Мектепке дейінгі ұйымда білім беру жүйесінің басқа да институттары секілді белгілі бір қоғамның, қоғамдық қарым-қатынас жүйесінің негізінде өз қызметін атқарады, сондықтан да олардың жалпы жағдайы, орны көбіне сыртқы факторлардың әсерінен, қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасының кейіпімен анықталады.

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында», — деп Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев атап өткендей, 2010 жылдың 7 желтоқсанынан 2011–2020 жылдарға Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы мен Мектепке жасына дейінгі – туылғаннан 6 жасқа дейінгі балаларды дамытудың мемлекеттік жалпыға бірдей стандартымен реттелетін мектепке дейінгі ұйымдар балаларды тәрбиелеу және білім беру мазмұнын ізгілендіруінің күшеюі мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың жаңа ұйымдастырушылық нысандарын, технологияларын үнемі ізденісін талап етеді. Сол себепті, Қазақстанда білім беру жүйесі – әлемдік білім беру кеңістігінде оған лайықты орын алуға жағдай жасап, соған ұмтылу үстінде. Ол үшін үздіксіз білім беру үрдісінің алғашқы сатысы мектепке дейінгі ұйым, ондағы дұрыс ұйымдастырылған оқу-тәрбие үрдісі басты орында болу керек.

Баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кеңеюі балабақша қабырғасында басталатыны сөзсіз [1].

Ал қазіргі кезде педагогика ғылымының бір ерекшелігі — баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Осыған орай оқытудың, тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары жасалып, мектепке дейінгі ұйымның тәжірибесіне енгізілуде. Оларды ғылыми тілмен «инновациялық процесс», немесе «педагогикалық жаңалықтарды енгізу», деп атайды. «Инноватика» ұғымының мәні латынның *in-novus* деген сөзінен шыққан, «жаңарту, өзгерту, жаңашылдық» деген мағынаны білдіреді. Яғни, педагогика ғылымында жаңа әдістерді, тәсілдерді, құралдарды, бағдарламаларды пайдалануды айтады [2].

Қазақстанда «инновация» ұғымын пайдалануды қазақ тілінде анықтаған ғалым, профессор Немеребай Нұрахметов. Ол: «Инновация, инновациялық процесс деп отырғанымыз — білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі», — деген анықтаманы ұсынады. Инновация мәселелерімен айналысып жүрген бірқатар ғалымдардың

(Д.М.Жүсібалиева, Б.Ә.Әбдікәрімұлы, М.С.Мәлібекова, Г.Қ.Нұрғалиева, Қ.Қабдықайырұлы, Ж.А.Қараев, Ш.Т.Таубаева, тағы басқалардың) еңбектерін, жазған анықтамаларын қарастырып, талдай келе бұл ұғым белгілі уақыт арасында жаңашыл идеяны қайта қарау, жаңалау дегенді білдіреді екен. Сол ертерек кездің өзінде белгілі қолданылып жүрген идеялар жаңа бағытта ұсынылса, мұның өзі инновациялы деп аталған. Осыларды негізге ала отырып, инновацияны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық» ал, инновациялық процесті «жаңа әдістеме енгізу құралы», деп білеміз [3].

Инновациялық оқытуға көшу өз кезегіндегі инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалануды көздейді. Бұл — мектепке дейінгі ұйымдардың білім мазмұны мен оқыту әдістерін, бағдарламаларын, формаларын, жаңашыл педагогтардың тәжірибесін, соның ішінде педагогикалық жүйенің қазіргі талаптарға сай әдістемелік жаңаруы болып табылады.

Ендеше, педагогикалық технология өзінде барлық жаңа әдістерді, тәсілдерді жинақтайды, сондықтан олар инновациялық деп аталады. Инновациялар бала тұлғасына, оның қабілеттерін дамытуға бағдарланған педагогикалық практикада қолданылатын жаңа әдістерді, нысандарды, құралдарды, технологияларды анықтайды. Қазақстанның заманауи даму сатысында білім беру үрдісінде өзгерістер орын алуда: мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі педагогтардың назарын балалардың шығармашылық және интеллектуалдық дамуына, эмоционалды-еріктік және қозғалыс аясын түзеуге бұра отырып, білім беру мазмұны күрделене түсуде; дәстүрлі әдістердің орнын баланың танымдық дамуын белсендіруге бағытталған тәрбие мен оқытудың белсенді әдістері басуда.

Өте қарқынды дамып жатқан ғылым, техника, өндіріс білім беру жүйесінің барлық сатыларына оқытудың тиімді әдістерін қарастыруды талап етіп отыр. Сондықтан да әрбір мектепке дейінгі ұйым балаларға дұрыс білім мен тәрбие беретін жолдар, тәсілдер, бағдарламалар қарастырып келеді. Өйткені педагогикалық жаңа технологияны қолдану балабақшаны сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларды енгізуге, оны тиімді басқаруға негіз болып әрбір балабақша өзіндік даму жолын табуға, әрбір тәрбиешіге өзінің әдістемелік жүйесін құруға септігін тигізбек [4].

XXI ғасырда білім берудің ұлттық жүйесін дамытудың негізгі бағыттары тәрбие мен оқытуда инновациялық қағидаттар мен тәсілдерді қолдану, білім беруді ғылыми және оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін тереңдету, материалдық-техникалық базаны жаңарту және кеңейту, білім беру бағдарламалары мен қызметтерінің кең таңдауын қамтамасыз ету, білім еруді ақпараттандыру болып табылады.

Педагогикалық технология — бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамасымен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында, баланың дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды.

В.И.Ядэшко және Ф.А.Сохина педагогикалық қызмет педагогикалық технологиялардың негізінде құрылған төмендегі арнайы қағидаларға сүйенеді деп көрсетті.

Педагогикалық такт — бұл педагогикалық қызметті іске асыру принципі ретінде анық және түсінікті, ол кез келген педагогикалық қарым-қатынаста қақтығыстан шығу немесе оны болдырмау жағдайында маңызды шарт болып табылады. Бұл педагогтың кәсіби қызметінің, мінез-құлықтарының шарасы; педагог – тәрбиеленуші, педагог – ұжым арасында дұрыс қарым-қатынас құрудың маңызды шарты; өзара әрекеттесу және ықпал ету құралдарын, формаларын, әдістерін қолдану мен таңдау шарасы болып табылады.

Тәрбиеленуші тұлғасын құрметтеу және талапқа үйлесімділік — бұл принцип жалпы педагогика қағидасы болып табылады. Тұлғалық-бағдарланған және гуманды-педагогикалық қызмет, алдымен, әрбір тұлғаның бірегейлігін және қайталанбастығын құрметтеуге бағытталған. Бірақ тұлғаны құрметтей отырып, оның өзіндік дамуы мен өзін-өзі жетілдіруде жоғары деңгейге жеткізуге көмектесетін әлдеқайда жоғары талаптар қояды.

Жасырын педагогикалық позиция — бұл принцип, егер педагог, тәрбиеші позициясы көп жағдайда ашық және көрнекті болмаған жағдайда педагогикалық әсер нәтижелі болады. Тәрбиеленуші бәрін өзі ойланады, ал педагог оны ынталандырады, кеңес береді, оны қолдайды.

Ұжымның даму деңгейін ескеру – бұл қалыптасқан адамгершілік нормалар мен құндылықтардың әр түрлі деңгейінде болады. Балалар ұжымы оның дамуының бастапқы кезеңінде болады, ал тәрбиеші оларға қалыптасқан ұжым ретінде сүйенеді. Нәтижесі — педагогикалық

қызметтің тиімсіздігі, қақтығыс және өзара түсінбеушілік. Кез келген адамгершілік нормалар мен құндылықтарға сәйкес жеке тұлғамен, сонымен қатар ұжыммен ұзақ, тынымсыз жұмысты қажет етеді [5].

Ал, «Нұр Болашақ» мектепке дейінгі ұйымдар одағының авторлар ұжымы педагогикалық технологияның негізгі критерийлерін төмендегідей көрсетті:

- тұжырымдамалық;
- жүйелілік;
- басқарушылық;
- тиімділік;
- жаңғыртушылық.

Тұжырымдамалық критерий – білім беру мақсаттарына қолжеткізуді философиялық, психологиялық, дидактикалық және әлеуметтік-педагогикалық негіздеуден құралатын белгілі бір ғылыми тұжырымдамаға сүйенеді.

Жүйелілік критерий – технология жүйенің барлық белгілеріне ие болуы тиіс: процесс логикасы; оның бөлімдерімен өзара байланысы; тұтастығы.

Басқарушылық критерий – нәтижелерді түзету мақсатында диагностикалық мақсатты болжау, оқу үдерісін жоспарлау мен жобалу, кезеңдер бойынша диагностикалау, құралдар мен әдістерді түрлендірудің мүмкіндігі.

Тиімділік критерий – нақты бір жағдайда қолданылатын педагогикалық технологиялардың нәтижелер бойынша тиімді және шығындар бойынша оңтайлы болуы, белгілі бір оқу стандартының жетістікке жетуіне кепілдік беруі тиіс.

Жаңғыртушылық критерий – білім беру ұйымдарында білім беру технологияларын қолдану мүмкіндігі (қайталау, жаңғырту), яғни технология педагогикалық аспап ретінде тәжірибесіне, еңбек өтіліне, жас ерекшелігіне және жеке қасиеттеріне қарамай, оны пайдаланатын кез келген педагогтың қолында тиімді болуына кепілдік берілуі тиіс [6].

Алайда балабақшада қызмет істейтін тәрбиешілердің басым көпшілігінің кәсіби мамандық иесі болмауы, білім беру ұйымдарында тәжірибелі тәрбиешілердің жеткіліксіздігі, осы саладағы еңбек өтілінің аздығы, педагогикалық мамандар мәселесінің тұрақсыздығы педагогтарға инновациялық технологияларды жүзеге асыруда қиындықтар туғызып келеді [4].

Осындай қиындықтарды алдын алуда жанаша оқыту процесін ұйымдастыру, жаңа білім мен дағдыны меңгерген, шығармашылық қабілеті жоғары, дербес ізденіс нәтижесінде елеулі мәселелердің шешіміне қол жеткізетін, ойлау қабілетімен ерекшеленетін тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Бұл бірден бір педагогқа, яғни өз мамандығын терең игерген маманға, байланысты.

Мектепке дейінгі ұйымның негізгі субъектісі – тәрбиеші, ол – мектепке дейінгі ұйымдарда баламен тікелей қарым-қатынасқа түсіп, қазіргі таңда тұрақты өзгеріп тұратын әлемге табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдай жасайтын, ең алдымен, кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол, ата-аналармен бірлесе отырып, баланың дұрыс өсіп-жетілуін, қалыптасуын белгілі нысанда жүргізетін тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептелінеді. Сондықтан топтағы психологиялық ахуал, балалардың өзара қарым-қатынасы, олардың балабақшаға келуге деген ынталығы, тағы да көптеген жағдайларға тәрбиеші жұмысына байланысты.

Осыған орай біз қызмет атқарып жүрген Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің педагогикалық факультетінде 5В010100 — «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша болашақ тәрбиешілерді даярлаймыз.

Аталған мамандықтың оқу жоспарына «Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеудегі қазіргі педагогикалық технологиялар» элективті курсы енгізілген. Курс әдістемелік жағынан толық қамтылған. Курстың мақсаты — болашақ педагогтарға, тәрбиешілерге мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие үрдісінде қолданылатын отандық жаңа, инновациялық педагогикалық технологиялар жайында білімдер мен іскерліктерді шығармашылықпен игеруге көмектесу.

Осы пәннің шеңберінде қарастырылатын тақырыптар: мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын инновациялық технологиялар, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бағдарламалары, мектепке дейінгі ұйымда ақпараттық-қатынастық технология, М.Монтессори технологиясы, ойын технологиясы – балаларды тәрбиелеу мен дамыту құралы, балабақшада жобалау технологиясын пайдаланудың тиімділігі, мектепке дейінгі ұйымдарда денсаулық сақтау

технологиялары, балабақшада компьютерлік технологияның қолданылуы және арттерапия – оқытудың жаңа үлгісі ретінде, бала мен тәрбиеші портфолиосы технологиясы.

Әр технологияның мақсаты мен ерекшеліктері болады, жеке тоқталып өтсек:

Денсаулық сақтау технологиясының мақсаты — баланың денсаулық сақтау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, оған салауатты өмір-салты туралы қажетті білім, қабілет пен дағдылардың қалыптасуы болып табылады. Денсаулық сақтау технологиясының таңдау мыналарға тәуелді: мектепке дейінгі ұйым типіне, мектепке дейінгі ұйымда балалардың болу ұзақтығына, педагогтардың жұмыс жасайтын бағдарламаларына, мектепке дейінгі ұйымның нақты жағдайларына, педагогтың кәсіби құзыреттілігіне, балалардың денсаулық көрсеткіштеріне.

Ойын технологиясының мақсаты: дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық тетігі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын — балалар үшін оқу да, еңбек те. Сонымен қатар ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады.

Жобалау технологиясының мақсаты — белгілі бір теориялық немесе тәжірибелік мәселелерді шешу арқылы нәтижеге қолжеткізу, оны көзбен көру, санада сәулелендіру, көңілге тоқу және оны жүзеге асыру. Балалардың өздігінен дербес әрекет етуіне жағдай жасау (жеке, жұппен және топпен жұмыстар). Жобаның мазмұндық бөлігінің құрылымын жүйелей алу.

Ақпараттық-қатынастық технологиялар деп оқыту педагогикасында арнайы техникалық ақпараттық құралдарды (интерактивті тақта, электронды-есептеуіш машиналар, аудио, бейне) пайдаланатын барлық технологияларды атайды. Ақпараттық-қатынастық технологиясының мақсаты ақпаратпен жұмыс жасау қабілетін қалыптастыру, коммуникациялық қабілеттіліктерді дамыту, «ақпараттық қоғам» тұлғасын дайындау, зерттеу қабілетін қалыптастыру, оңтайлы шешімдерді қабылдау қабілеті болып табылады.

Өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясының (ӨТШТ) басты идеясы тапсырмаларды шешу үшін қолдануға, баланың сөйлеуін, тапқырлығын, шығармашылық елестетуін, диалектикалық ойлауын дамыту үшін балабақшаларда табысты қолданылады.

М.Монтессори технологиясының мақсаты — балаға өзін-өзі тәрбиелеуге, өз бетінше оқуға, өз бетінше дамуға жағдай жасау. Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін, әр түрлі жаттығулар арқылы дамыта отырып, ұйымшылдық, тапқырлық, ізденімпаздық қабілеттерін қалыптастыру. Монтессори педагогикасын пайдалану арқылы балалардың табиғи мінезін, қабілетін, тәрбиешінің нұсқауымен емес, өз еркімен тәуелсіздік рухында тәрбиелеу жүзеге асырылады. «Өзімнің жасауыма мүмкіндік бер», — дейді мұндағы бала.

Компьютерлік технология — білім беру жүйесін компьютерлендіру, оқытудың, тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын іске асыруға бағытталған әдістемесін білім беру саласында компьютерлік технологияларды қолдану арқылы қамтамасыз ету үрдісі. Мектеп жасына дейінгі балалардың өміріне компьютерді енгізудегі ең басты мақсат — ақпараттық технологияларға толы қоғамдық өмірге психологиялық дайындығын қалыптастыру. Компьютерлік сауаттылыққа үйретудің алғышарты – балаларға танымдық түсінік беру. Балалар берілген тақырыптарға сай әрекет етуді үйренеді, нәтижесінде олардың дүниетанымы, зейіні, есте сақтау қабілеті, қабылдауы, шығармашылық қабілеті, ойы мен қиялы, жан-жақты ойлау қабілеті, ой-өрісі, логикалық ойлауы, айналадағы қоршаған ортамен байланысы одан әрі дами түседі.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының мақсаты — шығармашылық, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, рухани дүниесін байыту, оқырмандығын күшейту, ауызша-жазбаша тіл мәдениетін дамыту, ойлау, елестете алу қабілетін қалыптастыру, көзқарасын тереңдету, өзінше бағалап, ой түюге баулу, ойын жеткізе алу, танымдық оқу ауқымын кеңейту, шығармашылық ізденісіне жол ашу.

Терапия технологиясы: балалармен психологиялық жұмыс жүргізуде орны баға жетпес әрі өте тиімді әдіс. Бұл емдеу ғана емес, сонымен қатар креативтің дамуы, тұлғаның дамуы мен үйлесімділігі, кез келген жағдайды шешуге көмек көрсету технологиясы.

Тәрбиеші мен баланың портфолиосы технологиясы: бұл баланың және тәрбиешінің белгілі бір даму кезеңінде оның жеке жетістерін бағалау, жинақтау және белгілеу тәсілі. «Педагог – бала – ата-ана» өзара байланысы, бала тұлғасын қалыптастыру.

Осындай инновациялық технологияларды меңгеру педагогтың интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, шығармашылық, зерттеушілік, тағы басқа қасиеттерінің қалыптасуына оң әсерін

тигізеді, әр педагог өзін-өзі дамытып, оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі және көп күш жұмсауды қажет етеді [5].

Инновациялық технологияларды енгізуде балабақша педагогтары төмендегі маңызды мәселелерді ескеру қажет:

- инновациялық бағытты балалардың жас және даму ерекшеліктерін ескере отырып, дұрыс таңдай білу;
- инновациялық технологияларды жүзеге асыруда қажетті құжаттар мен құрал-жабдықтарды, кәсіби сауаттылық тұрғысынан дайындап алу;
- инновациялық технологияны жүзеге асырудың тиімді жолдарын анықтау;
- инновациялық технологияны жүзеге асырудың тұжырымдамасын, жоспарын бағдарламасын жасау.

Балалардың әр жас кезеңдерінің психологиялық және баланың жеке даму ерекшеліктерін оқу тәрбие жұмыстары барысында ескеріп отыру қажет. Маманға мектеп жасына дейінгі балалардың әр жас кезеңдеріне байланысты түйсік, қабылдау, зейін, ес, ойлау, қиял және сөйлеу қабілеттерінің даму ерекшеліктері бала жасына қарай даму сатысы және балалардың таным қабілеттерін инновациялық технологиялар негізінде жетілдіру жолдары, оқу іс-әрекеттерінде инновациялық әдістерді қолдану, қазақ этнопедагогикасы материалдарын инновациялық технологиялар негізінде ұйымдастыру [4].

Аталған педагогикалық технологияларды қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңда әр педагогтың міндеті болып табылады. Ал оларды дұрыс пайдалану бірден бір ұстазға, тәрбиешіге, өз мамандығын терең игерген маманға байланысты.

Осыған орай, қазіргі таңда балабақша тәрбиешілеріне келесі бірыңғай әдістемелік талаптар қойылады:

- педагогикалық және психологиялық деңгейін арттыру;
- оқыту мен тәрбиелеудің жаңа педагогикалық технологияларын зерттеп меңгеру және оны өзінің кәсіптік жұмысында қолдана білу;
- білімін арттыруға, шығармашылықпен жұмыс атқаруға ынталандыру;
- авторлық бағдарламалар, оқу құралдарын, мақалалық ізденістер жасауға ұмтылдыру;
- тәрбиешінің педагогикалық-кәсіптік оң көзқарастарының және құндылықтарының қалыптасуына жағдай туғызу.

Ф.Н. Жұмабекова осыған сәйкес тәрбиешінің жұмысынан күтілетін нәтижеге қолжеткізу жолдарын төмендегідей үш кезеңге бөліп көрсеткен:

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды оқып үйрену кезеңі – бұл уақытта тәрбиешілер ақпарат көздерімен жұмыс істеп, ғылыми-педагогикалық, әдістемелік әдебиетерге талдау жасауға үйренеді. Эксперимент жұмыстарын жүргізе алу дағдыларын қалыптастыру. Ол үшін тиісті зерттеу жүргізуге қажетті білім көлемін арттыру жолдарын табу керек.

2. Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды тәрбиелеу мен білім беру мазмұнына қатысты пайдалануда кейбір тәжірибелер жинақтау кезеңі – эксперимент жұмыстарын жүргізу үшін жеткілікті тәжірибе қалыптастыру. Ол үшін тәрбиеші арнайы эксперимент жоспарын құрып, бақылау, қалыптастыру және қорытынды эксперимент жүргізеді.

3. Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды пайдалануда өзіндік зерттеу жүргізу кезеңі – мұнда балалармен зерттеу жұмысын жүргізу, пікірін дәлелдеу, көпшілік алдында еркін сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Ол үшін тиісті зерттеуге байланысты білімдер жинақтау, әдіс-тәсілдердің тиімдісін таңдай білуге дағдылану [5].

Ал, Ә.С. Әмірова және К.А. Анартаева инновациялық жаңа технологияларды іске асыру барысында төмендегідей міндеттерді жүзеге асыруды ұсынады:

1. Педагогтың педагогикалық кәсіби іс-әрекетіне деген сенімділігі, шығармашылық шеберлігі.
2. Тәрбиелеу мен білім беру бағдарламасын таңдау мүмкіндігі.
3. Тәрбиенің жеке тұлғаға бағытталған модельге көшуі.
4. Балалардың тұлғалық бағдарлы дамуының ескерілуі.
5. Оқу үрдісінің кез келген кезеңіндегі бала дайындығының іске асырылуы мен кепілділігінің міндеттілігі.
6. Оқыту технологиясында пайдаланылатын педагогикалық ақпараттың міндеттілігі.
7. Балалардың білімді меңгерудегі танымдық қызығушылығы мен қажеттілігінің ескерілуі.
8. Балаларды өздігінен қорытынды жасауға белсенді іс-әрекетті ұйымдастыру.

9. Оқу процесін жобалағанда іс-әрекеттің, оқу материалы мен оқыту материалының дәлелділігінің бірлігі.

10. Оқу процесінің жобалау технологиясы негізінде іске асырылуы.

11. Балалардың шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру.

12. Шығармашылық іс-әрекетті нәтижеге жеткізу [7].

Қорытындылай келе, қоғам дамуындағы, заман ағымындағы болып жатқан соңғы өзгерістер мен білім беру саласының алғашқы сатысы болып табылатын мектепке дейінгі ұйымдарда болашақ ұрпақтың дүниетанымын дамытуға, жеке тұлға ретінде қалыптастыруға сәбилік шақтан бастап толық жағдай жасауды, тәрбиелеу мен білім беруге аса жауапты қарауды басты міндет етіп қойып отыр, аталған міндеттерді шешуде кезек күттірмейтін мәселелердің бірі ретінде мектепке дейінгі кезеңде білім мазмұнын жаңартуды қамтамасыз етудің жолдарын нақтылау — болашақ маман қолында екенін ұмытпайық.

Әдебиеттер тізімі

1 Наурызбаева С. Шағын орталықтарда инновациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі / С. Наурызбаева // Білім көкжиегі. — 2014. — № 1. — 9-б.

2 Әмірова Ә.С. Мектепке дейінгі тәрбие әліппесі / Ә.С. Әмірова, Ғ.З. Таубаева, А.Т. Искакова. — Алматы: RONDOA баспасы, 2010. — 156 б.

3 Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі кезеңде білім беру мазмұнын жаңартудың педагогикалық-әдіснамалық негіздері: монография / Ф.Н. Жұмабекова. — Астана: Сарыарқа, 2010. — 286 б.

4 Бадел А. Мектепке дейінгі ұйымдары педагогтарының кәсіби біліктілігін инновациялық технологиялар негізінде жетілдіру / А. Бадел // Білімдегі жаңалықтар. — 2014. — № 3. — 47-49-б.

5 Бекбосынова Т.Т. Инновациялық технологияны пайдаланудың тиімділігі / Т.Т. Бекбосынова // Білім көкжиегі. — 2013. — № 12. — 8-10-б.

6 «Нұр Болашақ» мектепке дейінгі ұйымдар одағы мектепке дейінгі ұйымда оқу-тәрбиелік процесте ойын технологиясын қолдану: әдіст. құрал. — Астана, 2014. — 84 б.

7 Әмірова Ә.С. Тіл дамыту: әдіст. құрал / Ә.С. Әмірова, К.А. Анартаева. — Астана: Арман-ПВ, 2013. — 168 б.

М.М. Иманбеков, Р.Б. Маженова, С.М. Абылайхан

Подготовка будущих воспитателей дошкольных организаций образования к использованию новых педагогических технологий

В статье рассмотрены особенности первой ступени образования — дошкольных организаций — с учетом особенностей личности ребенка, формирования полноценной среды для его развития и начального уровня развития непрерывного образования. В ходе внесения изменений в систему дошкольного образования, необходимых в организации учебно-воспитательного процесса, происходит внедрение современных педагогических технологий и программ, применяемых в процессе, в частности, проектной, информационно-коммуникативной, терапии, критического мышления, педагогики Монтессори, игровых, здоровьесберегающих, компьютерных и педагогических технологий. Авторами показаны цели и особенности изучаемой проблемы. Выделены предъявляемые требования по правильному применению этих технологий, необходимые будущим специалистам, воспитателям.

Ключевые слова: дошкольные организации, инновация, педагогические технологии, воспитатель, проектирование, игра, здоровьесбережение, терапии, критическое мышление, требования.

M.M. Imanbekov, R.B. Mazhenova, S.M. Abylaikhan

Training of future tutors of the preschool organizations using of new pedagogical technologies

The features of the first step of education - the preschool organizations taking into account features of the identity of the child, formation of the full-fledged environment for his development and the initial level of development of continuous education are considered in the article. During introduction of changes in system of preschool education, necessary in the organization of teaching and educational process there is an

introduction of the modern pedagogical technologies and programs applied in the course of, in particular, design information and communicative, therapies, critical thinking, Montessori's pedagogics, game, health saving, computer and pedagogical technologies, are considered the purposes and features of a problem. Qualifying standards on the correct use of these technologies necessary for future experts, tutors are considered.

Keywords: preschool organizations, innovation, pedagogical technologies, tutor, design, game, health-saving, therapies, critical thinking, requirements.

References

- 1 Nauryzbaeva, S. (2014). Shahyn ortalyktarda innovatsiialyk tekhnolohiialardy paidalanudyn tiimdilihi [The effectiveness of the use of innovative technologies in mini-malls]. *Bilim kokzhiehi – The horizons of education*, 1, 9 [in Kazakh].
- 2 Amirova, A.S., Taubaeva, G.Z. & Iskakova, A.T. (2010). *Mektepke deiinhi tarbie alippsi [ABC pre-school education]*. Almaty: RONDOA [in Kazakh].
- 3 Zhumabekova, F.N. (2010). *Mektepke deiinhi kezende bilim beru mazmunyn zhanartudyn pedahohikalyk-adisnamalyk nehizderi [Psychological and methodological foundations of updating the content of education in the period of pre-school age]*. Astana: Saryarka [in Kazakh].
- 4 Badel, A. (2014). Mektepke deiinhi uymdary pedahohtarynyn kasibi biliktiihin innovatsiialyk tekhnolohiialar nehizinde zhetildiru [Improving the professional development of teachers of pre-school institutions on the basis of innovative technologies]. *Bilimdehi zhanalyktar – News in education*, 3, 47–49 [in Kazakh].
- 5 Bekbosynova, T.T. (2013). Innovatsiialyk tekhnolohiiany paidalanudyn tiimdilihi [The effectiveness of the use of innovative technologies]. *Bilim kokzhiehi – The horizons of education*, 12, 8–10 [in Kazakh].
- 6 «Nur Bolashak» mektepke deiinhi uymdar odahy mektepke deiinhi uymda oku tarbielik protseste oiyntekhnolohiiasyn koldanu [Union primary organizations of «Nur Bolashak»: the Use of game technologies in educational process of the preschool organization]. (2014). Astana [in Kazakh].
- 7 Amirova, A.S., Anartaeva, K.A. (2013). *Til damyту [Language development]*. Astana: Arman-PV [in Kazakh].